

2

5 миллион
теңгеден берілді

4

Елена әндері елорда
төрінде шарықтады

Сыр бойы

№63 (20939) 29 сәуір, сейсенбі 2025 жыл

Қызылорда облыстық қоғамдық-саяси газет. 1929 жылдың 1 шілдесінен шығады

www.facebook.com/syrboyi.kzwww.instagram.com/syrboyi_kzt.me/syrboyi_kztwitter.com/syrboyi

/// ПРЕЗИДЕНТ

АЛМАТЫ ОБЛЫСЫНЫҢ ӘКІМІН ҚАБЫЛДАДЫ

Мемлекет басшысы Алматы облысының әкімі
Марат Сұлтанғазиевті қабылдады.
Қасым-Жомарт Тоқаевқа Алматы облысының
2025 жылдың бірінші тоқсанындағы әлеуметтік-
экономикалық дамуы туралы есеп берілді.

Марат Сұлтанғазиев экономиканың негізгі секторларында өсім байқалатынын баяндады. Атап айтқанда, өнеркәсіптік өндіріс көлемі 507,9 миллиард теңгені, ауыл шаруашылығы өнімі 97,4 миллиард теңгені құраған. Шағын және орта бизнес субъектілерінің саны 146,2 мыңға жетіп, 7,7 пайызға артқан.

Президентке жыл басынан бері 12 жаңа өнеркәсіп жобасының іске қосылғаны туралы мәлімет берілді. Оның ішінде «GALANZ bottlers» өндіріс алаңының кеңеюі, «Бартоғай ГЭС-28» және Шарын өзеніндегі шағын ГЭС каскадының құрылыстары сияқты ауқымды жобалар бар. Жалпы, өңірде құны 2,4 триллион теңгені құрайтын 122 жоба жүзеге асырылып жатыр. Нәтижесінде 36 776 жұмыс орны ашылады.

Мемлекет басшысына Қонаев және Алатау қалаларын дамыту барысы жөнінде айтылды. Жаңа бас жоспарға сәйкес, облыс орталығында «Smart Qonaev» қаланы басқарудың бірыңғай жүйесі енгізілуде. Алатау қаласының бас жоспарына түзетулер жасау және көлік-инженерлік инфрақұрылымды жобалау жұмыстары басталды.

Облыс әкімінің айтуынша, «Жайлы мектеп» ұлттық жобасы аясында 17 білім ордасының құрылысы қолға алынған. Бұдан бөлек, өңірдегі үш ауысымды оқу мәселесін шешу үшін мемлекет-жекеменшік әріптестік негізінде 19 мектеп салу жоспарланған. 2025-2027 жылдары 91 оқу ошағында күрделі жөндеу жұмыстары жүргізіледі.

Мемлекет басшысы Қонаев және Алатау қалаларын, жалпы Алматы агломерациясын дамытуға қатысты барлық белгіленген мақсаттарды сапалы әрі уақытылы орындаудың маңызын атап өтті. Президент индустриалды аймақтар мен Alatau АЭА-ның әлеуетін нығайтуға, сондай-ақ коммуналдық және елді мекендердегі жолдардың құрылысына баса мән беруді тапсырды.

/// ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ТЕАТРЛАР ФЕСТИВАЛІ

САХНА – ӨМІРДІҢ ӨЗІ



Сыр елінің рухани ордасы – Нартай Бекежанов атындағы қазақ академиялық музыкалық драма театрының 70 жылдық мерейтойы аясында өтіп жатқан «Сырдың Сәбираны – I» халықаралық фестивалінде өңірлер мен шетелдерден келген театр ұжымдары мәдени алмасудың тамаша үлгісін көрсетуде.

Алғаш болып Н. Бекежанов атындағы облыстық қазақ академиялық музыкалық драма театры А. Островскийдің «Найзағай» драмасын сахналады. Режиссер Дина Жұмабаеваның жетекшілігімен ұсынылған шығармада қорғаныс қалған әйелдің махаббат хикаясы суреттеледі. «Найзағай» – үміт пен арманға толы нәзік жан-ның жүрекжарды тарихы. Жарық пен ерік-жігерді армандайтын жас әйел бостандыққа ұмтылады. Басты кейіпкер өзінің күйеуіне опасыздық жасағанын және оның күнә екенін білсе де, махаббатына қосылуды қалайды. Бірақ соңында жүрекке түскен ауыртыпалық басты кейіпкерді өлімге итермелейді. Қойылымдағы нәзік сезім, кейіпкердің бойындағы қорқыныш пен ауыртыпалық көрерменге ерекше әсер қалдырды.

4-бет

/// САРАП

«ДЕКРЕТКЕ МИЛЛИОНМЕН»

НЕМЕСЕ ЗАҢСЫЗДЫҚТЫҢ ЗАЛАЛЫ



Осыдан екі-үш жыл бұрын әлеуметтік желідегі «Декретке миллионмен» жарнамасынан көз сүрінетін. Қазір де толастамай тұр. Дегенмен бұрынғыға қарағанда бәсеңдеген секілді. Оның себебі де жоқ емес. Табыс көзін көбейтіп көрсету арқылы декреттік демалысқа миллионмен шығып, бір-бірімен жарысқандар болды. Әйтсе де мұның соны жақсылыққа апармаған тәрізді. Оңай «олжаға» көнелгісі келген 113 келіншекке қатысты 16 қылмыстық іс қозғалған.

Фото: Ашық дереккөзден

Енді әйел қанша табыс тапса да, бір жолғы декреттік төлем 2 249 100 теңгеден аспайды. Жаңа ереже 8 сәуірден бастап күшіне енді. Тақырыпқа қатысты Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрі Светлана Жакыпова мәлімдеме жасаған болатын.

Біздің бұйрық ашық порталда жарияланды. Мемлекеттік органдардың бәрінің келісімінен өтті. Барлық өзгерістер заңды түрде жұмыс істейтін азаматшалардың құқығын қорғауға бағытталған. 12 жыл бойы әлеуметтік сақтандыру қорына жарнасын аударып отырған жұмыс беруші әйел 1,2 млн теңге алса, ешқашан жұмыс істемей, екі айдың ішінде «жеке кәсіп» аша салып 14 млн теңге алып кеткен әйелдер бар. Сондықтан, әлеуметтік әділеттілікті орнату үшін бұйрыққа өзгерістер енгізілді. Қазір бұйрыққа сәйкес, төлемдер ең төменгі жалақының жеті есе мөлшерінде

төленеді. Егер 595 мың теңге айлық табысы болып есептелсе, 2 млн теңгеден астам қаражат алады, – деді министр.

Рас, қомақты төлем алудың жолдары кәдімгідей бизнеске айналды. Әлеуметтік желілерде декретке шыққанша жасалуы керек аударымдарды төлеп беретін «инвестор» іздеуден бастап, бүкіл құжатты рәсімдеп беретіндердің хабарландыруы аз емес. Есепке жүйріктердің бюджетке келтірген шығыны 158 млн теңгені құрапты. 2024 жылдың күркүйек айынан бастап 1,5 мың алушы өз кірісінің жасанды түрде артқанын ерікті түрде мойындаған. Олар табысының жалған екенін айтқан. Соның нәтижесінде Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорының 3,4 млрд теңгесі қазынада қалды.

2-бет

БАСПАСӨЗ – 2025

Құрметті оқырман!
2025 ЖЫЛДЫҢ ЕКІНШІ ЖАРТЫЖЫЛДЫҒЫНА
«СЫР МЕДИА» ЖШС ГАЗЕТТЕРІНЕ ЖАЗЫЛУ НАУҚАНЫ БАСТАЛДЫ
«Сыр бойы» газетіне жазылу бағасы
жекелер үшін: 6 айға – 4000 теңге,
мекемелер үшін: 6 айға – 5000 теңге

Сара АДАЙБАЕВА,
«Сыр бойы»

/// ЕГІН-2025

ДРОНДАР ЖҮР ДӘН СЕУІП



Шиелідегі «Бидайкөл» шаруа қожалығы биыл тың әдіс қолданып, агродронмен күріш егуді жүзеге асырып отыр.

Шаруашылық басшысы Талғат Байдалиевтің айтуынша, бұл әзірге тәжірибе, нәтижесі күзгі жиын науқанында белгілі болады. Мамандар мұндағы артықшылық тұқым мен тыңайтқышты егістікке дәл және тегіс тастауға ыңғайлы дейді. Бір жағынан еңбек өнімділігін арттырады. Осылайша дамыған елдердің озық технологиясын жұмыс барысында пайдалануға мән беріліп отыр. Дронның дельтапланға қарағанда дән не тыңайтқыш болсын оны себу мүмкіндігі нақтырақ. Себебі, дрондар арқылы дән 2-3

метр биіктікте себіледі, дәрі де ысырап болмайды. Жалпы өнімді жақсарту үшін өңірге жаңа техникалар, дрондар, көшеттеп егетін тракторлар жеткізілген.

Биыл облыс бойынша 193,7 мың гектарға ауыл шаруашылығы дақұлын егу жоспарланып отыр. Мұнда күріштің көлемі 85,6 мың гектарды құрайды. Облыстың егістік алқабында биыл күріштің бірнеше сорты сыналады. Олардың қатарында Қытай, Түркия және Еуропадан жеткізіліп, алғаш рет жеріндірілетін тұқым түр-

лері де бар. Ал көктемгі егінге облыс бойынша 22,2 мың тонна тұқым дайындалса, қажетті тыңайтқышпен қамту бағытында тиісті келісімдер де тиянақталған.

– Кейінгі жылдары шаруашылықтарда лазерлік тегістегіш құрылғысының саны өсіп келеді. Оның тиімділігі дәлелденді. Қазір өңірде 200-ден астам лазерлік тегістеуіш бар. Биыл 60 мың гектар жер оның көмегімен өңделді, – деді облыстық ауыл шаруашылығы және жер қатынастары басқармасының басшысы Талғат Дүйсебаев.

2-бет

Валюта бағамы: \$ 518,07 kzt

€ 595,21 kzt

₸ 6,37 kzt

Ауа райы: Сейсенбі ☀️ +19°

☀️ +11°

Сәрсенбі ☀️ +19°

☀️ +8°



5 МИЛЛИОН ТЕНҒЕДЕН БЕРІЛДІ

Мемлекет басшысы Атырауда өткен Ұлттық құрылтайда бірегейлігімізді нығайтумен қатар, ел қорғаған ерлердің есімін жадымызда жаңғыртудың маңызын айтқан болатын.

– Қазір көптеген мемлекетте өткен күннің елеулі оқиғаларына қатысты көзқарастар ақпараттық және саяси ойынның құралына айналып баралы. Екінші дүниежүзілік соғыс ескі шежіреге айналған сайын тарихи және әскери тақырыптағы алыпқашпа аңыз әңгімелер көбейе түсті. Қазақстан әрқашан тарихи шындықтың және адамзат жылнамасындағы ең қанды қасап туралы шынайы көзқарастың сақталғанын қалайды, – деді Президент. Иә, бейбіт күн сыйлаған батырларға

қандай құрмет көрсетсек те артық емес. Президент тапсырмасына сәйкес облыста да Жеңістің 80 жылдық мерекесіне орай түрлі іс-шара жоспары бекітілген.

Ұлы Отан соғысы және оларға теңестірілгендер мен тыл ардагерлеріне төленетін әлеуметтік төлемнің мөлшері облыс әкімінің қолдауымен жыл сайын артып келеді. Мәселен, алдыңғы жылы Ұлы Отан соғысының 6 ардагеріне 435 АЕК немесе 1,5 млн теңгеден, былтыр 4 адамға 678 АЕК-

тен, яғни 2,5 миллион теңгеден берілді. Ал тыл және ҰОС теңестірілген ардагерлерге алдыңғы жылы 30 АЕК-тен 4176 адамға 590,4 млн теңге, былтыр 40 АЕК, яғни 3778 адамға 587,8 млн теңге бір жолғы әлеуметтік төлем төленді.

Бүгінде облыста 2 Ұлы Отан соғысының ардагері бар. Олар Қазалы және Сырдария аудандарында тұрады. Майдангерлерге 5 миллион теңгеден сәуір айында берілді. Тылда соғыс жылдары кемінде 6 ай жұмыс жасаған 1662 ардагерге және 1481 ҰОС ардагерлеріне теңестірілгендер мен мүгедектеріне Жеңістің 80 жылдығына орай бұл төлемнің көлемі 40 АЕК-

тен 50 АЕК-ке ұлғайтылып, мереке қарсаңында төлем жасалады.

Айта кетейік, бір реттік төлемді Ауған, Тәжік-Ауған учаскесіндегі ТМД шекарасы, Ирактағы халықаралық бітімгершілік операциясы, Таулы Қарабақ, бұрынғы Кеңес Одағын қорғауға қатысушылар, сондай-ақ Ауғанстанда немесе ұрыс қимылдары жүргізілген басқа да мемлекеттерде әскери қызметін өткергендер, Чернобыль АЭС апатына және Семей ядролық сынақ полигонының ядролық сынақтарға тікелей қатысушылар алады.

Айсауле ҚАРАПАЕВА,
«Сыр бойы»

/// РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ФОРУМ

ӘЖЕЛЕРДІҢ ӘДЕМІ ӘЛЕМІ

Облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаевтың қолдауымен, облыстық ардагерлер кеңесінің ұйымдастыруымен өңірде алғаш рет республикалық әжелер форумы өтті.

Алғаш 2023 жылы Түркістан облысында өткен форум аясында «Аялы әже» мүсін-танбасы әзірленген еді. Содан бері әжелер мектебін дамыту тәжірибесін басқа өңірлерде де насихаттау үшін аймақтарға «Аялы әже» мүсінін тапсыру чөллендігі ұйымдастырылып келеді.

Был 14 наурыз – Амал күні Маңғыстау облысының ардагерлер кеңесінің өкілдері мүсінді Қызылорда облысының ардагерлер кеңесінің төрағасы Серік Дүйсенбаевқа табыстаған болатын.

Қызылорда қаласындағы «Достық үйінде» өткен форумға 200-ден астам қонақ жиналды. Онда облыс әкімінің бірінші орынбасары Данияр Жаналинов әжелердің қоғамдағы роліне тоқталып,



форум қатысушыларын құттықтады. Өңірлерден арнайы келген қадірлі меймандар мен аймақтағы ардагерлер қозғалысының дамуына өзіндік үлес қосқан жандарға облыс әкімінің Алғыс хаты табысталды. Сонымен қатар, облыстық ардагерлер кеңесінің төрағасы Серік Дүйсенбаев жастарға ұлттық тәрбие беру арқылы ардагерлер қозғалысының белсенді атанған әжелерді кеңестің Құрмет грамотасымен марапаттады. Форумға қатысушылар жергілікті өнерпаздардың концерттік бағдарламасын тамашалады.

Қызылорда облыстық әжелер алқасының төрайымы Разия Қалжанова форум үндеуін жариялады.

Жас ұрпақтың тәрбиесі мен тәлімін дәріндейтін ақ жаулықты, аяулы әжелердің құрметіне арналған «Аялы әже» форумының эстафетасы Ұлытау облыстық ардагерлер кеңесі төрағасының орынбасары Сәрсенқұл Қазымбетовқа салтанатты түрде табысталды.

СЕНБІЛІК hәм БЕЛСЕНДІЛІК

Апта сайын ұйымдастырылатын жаппай сенбілік осы жолы да белсенділікпен жалғасты.

«Таза Қазақстан» республикалық экологиялық акциясы аясында өңірдің барлық елді мекенінде санитарлық тазарту, абаттандыру және көркейту-қоғалдандыру жұмыстары жүргізілуде.

Сенбілікке шыққан 128 мыңнан астам ерікті, қоғам қайраткерлері, бюджет саласы мен кәсіпорын қызметкерлері 4000 тоннадан астам қоқыс қалдықтарын жинады. Скверлер мен парктер, тарихи-мәдени ескерткіштер, әлеуметтік, өнеркәсіп

және бизнес нысандары, өзен, көлдер аумағы, жасанды су айдындары, субұрқақтар, арықтар тазаланды. Көшелердің бойында, көпқабатты, жер үйлердің аулаларында тазалық жұмыстары атқарылды. Жұмыс барысында 900-ден астам техникамен қоқыс тасымалданды, жер тегістелді.

Еске салайық, жыл басынан облыс аумағына климатқа жерсінетін 95 353 көшет егілген.

Облыс әкімінің
баспасөз қызметі

ДРОНДАР ЖҮР ДӘН СЕУІП

Ы.Жақаев атындағы Қазақ күріш шаруашылығы ғылыми-зерттеу институты мамандарының айтуынша, күріш егісіне агродрондарды пайдаланудың тиімділігі зор. Өлемнің көптеген елінде қолданыла бастады. Өткен жылдары аталған технология егін алқабын бақылау, тыңайтқыш беру және химиялық өңдеу бағытында көдеге асты.

– Былтыр институт агродрондармен күріш тұқымын себу тәжірибесін қолданды. Сол арқылы жақсы көрсеткіштер болды. Күріш

1-бет

/// ӨНІР ӨНІМІ

Жаңақорғандық Еркінбай Шідербаев макарон өнімін шығарады. Цех жыл басында іске қосылып, алғашқы өнімін сауда сөрелеріне орналастырды. Өнім атауы – «Baybol».

«BAYVOL» МАКАРОНЫ

– Кәсіпкерлік саласына 2000-жылдары келдік. Осы кезге дейін наубайхана ісін дамыттық. «Саудала береке бар» деп бекер айтылмаған. Табысымыз еселенген соң, биыл жаңа кәсіпті бастадық. Әрине, бірден кіріскен жоқпыз. Алдын ала жоспар құрып, жобаны жетілдірдім. Кейін мемлекеттік бағдарламаға қатысып, 19,5 млн теңгені 4 пайызбен алдық. Қаржыға қажетті құрал-жабдығын түгендедім. Қазір жанына керектінің бәрі бар. Тек қаржы болса болғаны, қалғаны қолжетімді. Макарон шығаратын құрылғы алдық. Автоматтандырылған технология, – дейді ол.

Мұнда алғашқы өнім ақпанда 2 тонна көлемінде шығарылған. Келісі 300 теңгеден саудаланған өнім аз уақытта өтіп кеткен. Қазір 3 адам тұрақты жұмыспен қамтылып отыр.

Кәсіпкер істі бастамас бұрын Алматы қаласынан арнайы технология маман шақыртыпты. Осылайша, өнімнің құрамын, жасалу жолын үйреніп, тәжірибе жинайды. Қазір

цехта сағатына 150-200 келі макарон шығарылады. Пішініне қарай бірнеше түрі дайындалады. Оның тағы бір жоспары бар. Кәсібі алға жылжып жатса, өзге де өңірлерге шығарып көрмек. Онда жұмыс күшінің де артаыны сөзсіз.

– Өнімді мол шығаруға мүмкіндік бар. Тек кептіргіш құрылғысы аз болып тұр. Шыққан макарон уақытында кеуіп үлгеруі тиіс. Осы мәселенің шешімін табу үшін тағы да төменгі пайызбен несие алуды көздеп отырмын, – дейді ол.

Қазір кәсіп бастаймын дегенге жеңілдік бар. Алдымен оқытады, сосын қолына сертификат береді. Одан кейін көздеген жобанды жасап, қорғап шығасын. Бастаған ісінді дөңгеленту үшін қайтарымсыз грант та қарастырылған. Дамыту үшін жеңілдетілген несиеге де үміт артуға болады.

Сара АДАЙБАЕВА,
«Сыр бойы»

ДҰРЫС БАҒДАР – МЫҚТЫ МАМАН КЕПІЛІ

Биыл облыста 9 мыңнан астам оқушы мектеп бітіреді. Талапкерлерге кәсіби бағдар беру – оқушыларға өз қызығушылығына, қабілетіне және мамандықты дұрыс таңдауына көмектесетін жүйелі процесс. Сонымен қатар мамандықтар туралы ақпарат беріп, мүмкіндігін зерделеуге көмектеседі. Осы мақсатта М.Қозыбаев атындағы Солтүстік Қазақстан университетінің қызметкерлері мен студенттері Қызылордаға келіп «Серпін» бағдарламасының тиімді тұстарын айтып, жас түлектерге кеңес берді.

Жалпы еліміздің солтүстік өңірлерінде кадр тапшылығы мәселесін шешудің тиімді жолы ретінде халқы тығыз орналасқан өңірлердің талапкерлеріне бірнеше басымдықпен тегін білім беруге мүмкіндік қарастырылған. Осы бағытта «Серпін» бағдарламасы арқылы қаншама түлек білім алып, тұрақты жұмысқа орналасты.

М.Қозыбаев атындағы Солтүстік Қазақстан университеті «Практикалық

қазақ тілі» кафедрасының оқытушысы Қанат Смаилованың айтуынша, тоқсан жылға жуық тарихы бар оқу орнында 7 факультет, «Тіл және әдебиет» институты жұмыс істейді. Олар 113 білім беру бағдарламасын жүзеге асырады. Көпбейінді жоғары оқу орны педагогикалық, техникалық, ауыл шаруашылығы және медицина бағытында мамандар даярлайды. Жыл сайын талапкерлерді қолдау үшін екі

мыңнан астам грант бөлінеді. Атап айтқанда жалпы гранттар, «Серпін» және «Аризон» бағдарламалары мен педагогикалық атаулы гранттар.

Оқу ордасы 2022 жылдан бастап Американың Тусон қаласындағы Аризона университетімен келісім-шартқа отырған. Соның нәтижесінде студенттер қосдипломдық бағдарлама бойынша білім алады. Басты шарт – ағылшын тілін терең білу керек. Студенттер 3 жарым жыл университет қабырғасында, одан кейінгі 6 айды Америкада оқу мүмкіндігіне ие болады.

Бүгінде дейін университет базасында «Серпін» бағдарламасы арқылы 1300 студент білім алса, оның барлығы солтүстік өңірлерде тұрақты жұмыс

тапқан. Сондай жастың бірі, оқу орнының 4-курс студенті Динара Алдабергемқызы да түйіндемесін бірнеше мекемеге өткізіп қойғанын айтады.

– Өзім осы Сыр елінің қызымын. Қармақшыдағы №185 орта мектептің түлегімін. 2021 жылы «Серпін» бағдарламасы арқылы Петропавлдағы жоғары оқу орнына қабылдандым. Мемлекеттік грант есебінде шәкіртақы төленеді. Бастапқыда бағдарлама тек педагогикалық мамандықтарға басымдық берсе, қазір техникалық және агротехникалық бағытта білім алуға мүмкіндік бар, – дейді ол.

Айсауле ҚАРАПАЕВА,
«Сыр бойы»

«ДЕКРЕТКЕ МИЛЛИОНМЕН»

НЕМЕСЕ ЗАҢСЫЗДЫҚТЫҢ ЗАЛАЛЫ

БЛОГЕРЛЕРДІҢ ҚАТЫСЫ БАР МА?

Жалпы жүкті әйелдерге арналған төлемнің үш түрі бар. Алғашқысы, босанғанға дейін соңғы 12 айдағы табысқа байланысты, екіншісі босанған соң берілетін бірреттік, одан кейін бала 1,5 жасқа толғанға дейін төлем. Міне, осы жерде даудың басы алғашқы төлемнен басталып отыр. Қанағат тұтпай көпке қол созғандардың үстінен іс қозғалып тексеріс жүруде. Экономикалық қылмыстарды тергеумен айналысатын Қаржылық мониторинг агенттігінің хабарлауынша, қазір төрт аймақта тексеріс жүріп жатыр. Оның ішінде Ақтөбе, Абай, Қызылорда, Шымкент қаласы бар. Сотқа дейінгі тергеп-тексерулер аяқталғаннан кейін, заңсыз әлеуметтік төлемдер алуға ықпал еткендердің және заңсыз жәрдемақы алғандардың іс-әрекеттеріне заңды баға берілетінін айтады.

Салық сарапшысы Гүлнұр Нұрланқызының айтуынша, ешқандай кәсіпкер болмаса да, жеке кәсіпкер ретінде тіркеліп, аударым жасап бастағандар, сонымен қатар бірнеше жерде жұмыс істесем көбірек ақша аламын дегендер, аз табысын көбейтіп көрсеткісі келгендер заңбұзушылықтарға жол берді. Мәселен, бір адам 40 жерден аударым жасап, заңсыздыққа барған.

Жүкті әйелдердің барлығын кінәлі деуге келмес. Олардың заңсыз жолмен төлем алуына блогерлердің де әсері болды. Осының басында бес жыл бұрын желіде ашықтан ашық жарнама жасаған бұрынғы блогер, мәжіліс депутаты Дәулет Мұқаевтың тұрғаны айтылуда. Оған қатысты депутаттың өзі де мәлімдеме берді.

– Сабаққа қатыспаған адамға сырттай заңсыз әрекетке барыңдар деп үгіттегендей көрінуі мүмкін. Бірақ сабақта жалған ИП (жеке кәсіпкер) ашпандар, оның барлығының сұрауы бар деген нәрселер сан мәрте айтылған. Заңды айналып өткісі келетін адамдар бар. Олар көп ИП ашып, қомақты қаражат алғысы келді ме екен?! Бірақ менің сабақтарымда теріс әрекеттерге үгіттейтін дүниелер айтылған жоқ. Ашық «egov» сынды ресми порталда миллион емес, 2,5 миллионмен декретке шығудың схемасы тұр, – дейді депутат. Ол декреттік төлем алатын адамның кәсібі адал, табысы заңды болса, ешқандай қиындық туындамайтынын айтады.

ТӨЛЕМ ТӘРТІБІНДЕГІ ЖАҢА ӨЗГЕРІС

Төлем тәртібіне енгізілген негізгі өзгерістер қандай? Декреттік төлемге қатысты осы және өзге де сұрақтарды «Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қоры» АҚ облыстық филиалының директоры Гүлсім Денесеваға қойған едік.

– Қазіргі уақытта республика бойынша жүйемен 6,8 млн-нан астам адам қамтылған, өткен жылдың қорытындысы бойынша елімізде 958 млрд теңге сомаға шамамен 1,4 млн адам әлеуметтік төлем алды. Төлем құрылымындағы негізгі үлес ана мен балаға байланысты төлемдерге тиесілі. Жыл сайын осы мақсатқа Қордан төленетін төлемдердің жалпы көлемінің 82%-дан астамы жұмсалыды. Бұл ретте, еңбекке қабілеттілігінен айырылуы және асыраушысынан айырылу жағдайы бойынша екі ұзақ мерзімді әлеуметтік маңызы бар төлем көзделген. Ұзақ мерзімді төлемдерден басқа, жұмысынан айырылу жағдайына да қолдау бар.

Бұған дейін МӘСҚ-ның тексеру шараларының нәтижесінде кәсіпкерлік субъектілері жүктілікке және босануға байланысты кірісінен айырылу жағдайы бойынша әлеуметтік төлемдерді алуға жүгінушілермен еңбек қатынастарын растамаған кезде «жалған» еңбек қатынастары фактілері анықталған болатын. Осындай фактілердің себептері көбінесе жүктілікке және босануға байланысты әлеуметтік тәуекелдің алдында жекелеген әйелдердің нақты еңбек қатынастарының болмауына қарамастан бір кезеңге бірнеше жұмыс берушілерден әлеуметтік аударымдарды төлеп, өздерінің кірістерін жасанды түрде арттырған, – дейді филиал басшысы.

Жаңа өзгеріске сәйкес, жұмыс берушілердің санына қарамастан, жүктілікке және босануға байланысты кірісінен айырылу жағдайы бойынша әлеуметтік төлем мөлшерін есептеу кезінде орташа айлық кірісті 7 ЕТЖ-ге дейін шектеледі. Енді ең төменгі айлықтың 7 еселенген мөлшеріне дейінгі кіріс есепке алынады. Қазір ең төменгі айлықтың жеті еселенген мөлшері – 595 мың теңге. Одан көп жалақы алатындарға да осы сома көлемі ғана ескеріледі. Демек, бұл сомадан төмен жалақы алатын аналар үшін ешқандай өзгеріс болмайды дегенді білдіреді.

Екінші өзгеріс – әлеуметтік тәуекел туындаған күннен кейін түскен аударымдар ескерілмейді. Жалақысы жоғары әйелдердің бала босанғаны үшін алатын әлеуметтік төлеміне шектеу қойылды. Әлеуметтік төлемнің мөлшерін есептегенде орта айлық кірістің көлемі ең төменгі 7 айлықпен шектелді. Бұл дегеніміз, қанша жұмыс берушіде жұмыс ітесе де, жалпы орташа айлық мөлшері ретінде ең төменгі жалақының жеті еселенген көлемін ғана есепке алады. Тағы бір ескеретін, орташа айлық кірісі белгіленген лимиттен жоғары әйелдер үшін қосымша ақы алу мүмкіндігі қарастырылған. ҚР Еңбек кодексіне сәйкес жұмыс беруші мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорына төленген соманы шегеріп, орташа айлықты сақтап, жүктілік пен босануға ақылы демалыс береді. Мұндай мүмкіндік еңбек және ұжымдық шарттарда қарастырылуы ықтимал. Егер мұндай ереже болмаса, жұмысшы шартқа осындай тармақты қосуға бастама көтере алады.

Жүктілікке және босануға байланысты әлеуметтік төлем тағайындауға өтініш берудің бірнеше тәсілі бар. Мәселен, қызметті аул туралы автоматты түрде SMS-хабарлама келіп, оған әйел келісімін берсе, өтінішіне 4 жұмыс күні ішінде жауап беріліп, қызмет көрсетіледі. Сонымен қатар, egov.kz веб-порталы арқылы өтініш жіберуге болады. Мұнда да қызмет 4 жұмыс күні ішінде көрсетіледі. Ал «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясының бөлімшесіне барып өтініш берсе, 8 жұмыс күні ішінде қаралады.

ҚАНША ӘЙЕЛ ӘЛЕУМЕТТІК ТӨЛЕМ АЛДЫ?

Жыл басынан бері мемлекеттік жәрдемақылармен, сондай-ақ Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорынан босануға және бала 1,5 жасқа толғанға дейін оның күтіміне байланысты 246 мыңнан астам адамға жалпы сомасы 221,8 млрд теңге төленген. Ал бала туғанда берілетін жәрдемақыны республикалық бюджеттен барлығы 15,6 млрд теңге сомаға 86 мыңнан астам адам қамтылған. Бұл жәрдемақыға бала туған, асырап алған, сондай-ақ қамқорлыққа алған балалары барлар, қандастар, сондай-ақ Қазақстанда тұрақты тұратын шетелдіктер үміткер бола алады.

Балаға күтім жасайтын адам міндетті әлеуметтік сақтандыру жүйесіне қатысушы болып табылмаған жағдайда туған, асырап алған, сондай-ақ қорғаншылыққа алған балалары бар, егер олар басқа ата-ананың отбасында ескерілмесе, өгей балалары бар аламырдың (отбасылардың) бала күтіміне байланысты жәрдемақы алуға құқығы бар. Есепті кезеңде 1,5 жасқа толғанға дейін бала күтімі бойынша жәрдемақымен 10,8 млрд теңге сомасына орта есеппен 123 мың адам қамтылды, оның ішінде наурыз айында 3,6 млрд теңге сомасында 123 мың адам алды.

Бала тууына және бала күтіміне арналған мемлекеттік жәрдемақының мөлшері республикалық бюджет туралы заңмен тиісті қаржы жылына бекітілген айлық есептік көрсеткішке байланысты белгіленеді. 2025 жылдың басынан бастап мемлекеттік жәрдемақының мөлшері 6,5%-ға индекстелді.

Облыс бойынша жүктілікке және босануына байланысты әлеуметтік төлемді өткен жылы 14902, бірінші тоқсан бойынша 2897 әйел алған. Бала күтіміне байланысты 1,5 жасқа дейін былтыр 20171, бірінші тоқсан бойынша 4 640 әйелге төлем тағайындалған.

Айсауле ҚАРАПАЕВА,
«Сыр бойы»

